

Купешова С.Т., Жумабекова А.Н

**Кәсіпорынның бәсеке
қабілеттілігін арттырудың
басым бағыттары**

Ғаламдану жағдайында барлық елдердің негізгі міндеті ұлттық шаруашылық пен жекелеген экономикалық субъектілердің бәсекелес қабілетін қалыптастыру және қолдау болып табылады. Нарықтық талаптардың ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекеттің ішкі экономикалық мүмкіндіктері мен өндірістік ахуалын одан әрі жақсарту мақсатында жаңа бағыттар белгіленуде. Өндірісті жаңаша құрудың, шығарылатын өнімдердің сұранысын арттырудың маңыздылығы да артуда.

Бәсекеге қабілеттілік – өнеркәсіптік өнімнің құндық және сапалық параметрлерін ғана қамтымай, сондай-ақ кәсіпорын қызметіндегі инвестиция мен инновациялық басқаруға, менеджмент деңгейіне тәуелді жан-жақты ұғым.

Түйін сөздер: бәсеке, кәсіпорын, бәсекеге қабілеттілік, өнім, нарық, экономикалық сала.

Kupeshova S.T.,
Zhumabekova A.N

**Important directions of increase
to the competitiveness of
enterprises**

In times of globalization, the main task in all countries is to formulate and maintain the competitiveness of the private economic entities and the national economy. Given the variety of market criteria, it explores new ways to improve the domestic economic opportunities and increase productivity. Every day a growing demand for new products and new production.

Competitiveness – is not only the value of the parameter and the quality of manufactured goods, as well as innovation management and investment activities.

Key words: competitiveness, the organization competitiveness, product, market, economic sector.

Купешова С.Т., Жумабекова А.Н

**Важные направления
повышения
конкурентоспособности
предприятий**

Во времена глобализации главной задачей во всех странах является формулирование и поддержание конкурентоспособности частных экономических субъектов и народных хозяйств. Учитывая разнообразие рыночных критериев, рассматриваются новые пути улучшения внутренних экономических возможностей страны и повышения производительности. С каждым днем растет спрос на новые товары и на новые производства.

Конкурентоспособность – это не только ценность и качество производственных товаров, а также управление инновациями и инвестициями в деятельности организации.

Ключевые слова: конкурентность, организация, конкурентоспособность, продукт, рынок, экономическая отрасль.

**КӘСІПОРЫННЫҢ
БӘСЕКЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН
АРТТЫРУДЫҢ БАСЫМ
БАҒЫТТАРЫ**

Қазіргі уақытта еліміз биік белесті бағындыру қарсаңында елдің дамуы бағытын анықтайтын және оған қарқын беретін «Әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына ену стратегиясы» және БСҰ-ға кіру нағыз ұлттық идеяға айналған. Осыған жетудің бірден-бір жолы кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

ҚР Президентінің Қазақстан халқына «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көп көңіл бөлініп отыр. Жолдаудың маңызды міндеттер қатарында экономиканы шикізат бағытынан өндіріске бұру, кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып тұр.

Бәсекеге қабілеттілік әртүрлі деңгейлерде қарастырылады, яғни, өнімнің, фирманың бәсекеге қабілеттілігі немесе кәсіпорынның, саланың, экономиканың және мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі отандық экономикада ғана емес әлемдік экономикада да кеңінен зерттелуді қажет ететін мәселе болып табылады. Кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігі – бәсекелестермен салыстырғанда бағалық және бағалық емес сипаттары бойынша тауарлары тұтынушыларға ұнамды, дер кезінде жоспарлап, дайындап өткізуге нақты мүмкіндігі бар кәсіпорын.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі – бәсекелік нарық жағдайында меншікті және қаржылық ресурстарды тиімді басқару мүмкіндігі. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі оның нарықтық бәсеке жағдайларына бейімделу мүмкіндігі мен серпінін сипаттайды.

Кәсіпорынның нарықтағы ұстанымын талдау кезінде оның күшті және әлсіз жақтарын ғана емес, сонымен қатар әсер ететін нақты факторларын анықтау керек. Кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігіне мынадай бірқатар факторлар әсер етеді: кәсіпорын өнімдерінің сыртқы және ішкі нарықта бәсекеге қабілеттілігі; өндірілетін өнімдердің түрлері; нарықтың сиымдылығы; нарыққа кіру жеңілдігі; осы нарықта жұмыс істеп жатқан кәсіпорындардың бәсекелік ұстанымдары; саланың бәсекеге қабілеттілігі; аймақтың және елдің бәсеке қабілеттілігі.

Кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігі мәселесін толығырақ бағалау үшін оның критерийлері (өлшемдері) мен көрсеткіштеріне баға беру керек. Критерийлердің келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады:

Бірінші критерий – кәсіпорынның өндірістік қызметінің тиімділігі. Осы критерий бойынша кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін бағалау мынадай көрсеткіштер тобын қарастырады: өндірістік үрдістерді басқару тиімділігі; өндірістік шығындардың үнемділігі; негізгі еңбекті ұйымдастыру; өнімді өндіру; технологияның жетілгендігі.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің екінші критерийі – кәсіпорынның қаржылық жағдайы, яғни: мүлкілік жағдайды бағалау; кәсіпорынның өтімділік және қабілеттілік көрсеткіштері; қаржы тұрақтылығы көрсеткіштері; іскерлік-белсенділік көрсеткіштері; кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтиже көрсеткіштері.

Үшінші критерийіне тауар қозғалысы мен өткізуді ұйымдастырудың тиімділігі жатады. Бұл критерий келесі көрсеткіштермен сипатталады: дайын өнімнің жиналып қалу коэффициенті; сату рентабельділігі; өндірістік қуаттарды жіктеу коэффициенті; жарамдылықтың тиімділігі [3].

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін келесі факторлардың жоғарылату жолдары қарастырылуы тиіс. Бұл факторлар өнімді зерттеуде өзіндік сипаттары бойынша 4 топқа бөліп қарастырылады:

Бірінші топ – өнімнің сапасын арттыру шаралары немесе кәсіпорынның сапа жүйесін жетілдіру.

Екінші топ – өнімнің бағасын қалыптастыру немесе баға саясатын реттеу.

Үшінші топ – өнімнің тартымдылығын арттыру немесе кәсіпорын маркетингті жүйесін жетілдіру.

Төртінші топ – өнімнің бәсекелік қабілетін қамтамасыз ету немесе өндірісті мемлекеттік қолдау.

Өндіріске инновациялық және ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізу, алдыңғы қатарлы озық технологияларды пайдалану тек өнімнің сапалық қасиеттерінің жақсаруына ғана емес, шикізат пен материалды үнемді пайдалануға, сонымен қатар оның баға бәсекелесу жағдайындағы өтімділігін арттыруға да серпін береді [4].

Көптеген дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, бүгінде инновациялық қызмет – әлемдегі көшбасшы елдердің мемлекеттік экономикалық саясатының басты маңызды бағыты болып отыр. Осы мемлекеттердің барлығы да

бәсекелестік артықшылықтарға ие. Бәсекелік артықшылық – ол нарықта инновациялық дамудың ұзақмерзімдік стратегиясын іске асыратын, тұтынушының талғамын қанағаттандыруға бағытталған өндірістің болуы. Тұрақты және үздіксіз жаңалықтардың пайда болуы мен енгізілуі әрбір кәсіпорындағы, аймақтардағы, сонымен қатар, еліміздегі бәсекелік күресте алға шығудың ең басты қозғаушы күші. Халықтың тұрмыс-тіршілігінің деңгейі көтеріліп отыруы үшін жаңа өнімдер шығарумен және қайта өңдеумен, жаңа қызметтер ұсынумен, сонымен бірге инновациялық технологиялар мен инновациялық базада өндірістік және басқарушылық қызметтерді жүзеге асыру керек. Жаңалықтардың енгізілуі, инновация, жаңа тауар өндіруде алынған ғылыми-техникалық жетістіктер, технология мен қызметтер ел экономикасының дамуына және халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруына өз үлесін қосады. Инновация еңбек өнімділігінің артуына, жаңа өндірістік салалардың, қызметтер мен жаңа жұмыс орындарының ашылуына, қызмет көрсету сапасының жоғарылауына және әлемдік нарықта отандық тауарлардың бәсекелік қабілеттілігінің жоғарылауына үлес қосады.

Бәсеке сипаттамалары және оларды анықтайтын факторларды шартты түрде микродеңгейлі (өнімнің сапасы мен бағасын көрсететін), мезодеңгейлі (салалардың қолда бар өндірістік қорларын тиімді қолданудың көрсеткіштерін жақсартатын) және макродеңгейлі (шаруашылық жүйелердің жалпы қалпын, олардың балансын, инвестициялық климатын, салық тәртібін, тариф кедендік саясатын және т.б. көрсетеді) болып бөлінеді.

Келтірілген бәсеке сайыстың және бәсекелесу қабілетінің факторлары мен сипаттамаларының субъектілерінің құрамы осы күрделі дәреженің элементтерінің құрамын сипаттауға және олардың байланысын шығаруға мүмкіндік береді. Бұл оның талдауына қажетті тиімді тәсілдер шығаруға, қолда бар қорларды алуға қосымша мүмкіндіктер ашуға және сүт өнімі кәсіпорындары үшін әр деңгейдегі бәсекеге қабілеттілікті жоғарылатудың стратегиялық бағытын анықтауға көмек көрсетеді.

Экономикалық әдебиетте бәсекені оның әдістері бойынша бағалық (баға негізіндегі бәсеке) және бағадан тыс бәсеке (тұтынушылық құнның сапасы негізіндегі бәсеке) бөлуге болады. Қазіргі әлемде бағалық бәсеке бағадан тыс әдістердің бәсеке сайысына қарай мәнсіз болып келеді. Бұл қазіргі нарықта «бағалар қақтығысы» жоқ дегенді білдірмейді, олар бар, бірақ соншалықты анық

емес. Бағадан тыс бәсеке алдыңғы қатарлы бәсекелестерге қарағанда тауардың тұтынушылық құнын арттырады. Бағадан тыс әдістердің санына фирманы басқарудың бүкіл маркетингтік әдістері жатады. Олардың негізгілері: тауардың жаңартылуы, сапа, жарнама, халықаралық стандарттарға сәйкес келу, т.с.с.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің жоғарылауы, оның жақсаруы көбінде іске асырылатын өнімнің сапасы мен өндірістің ұйымдастырушылық-техникалық деңгейіне тәуелді.

Қазіргі заманғы кәсіпорындар өздерінің бәсеке бағытын нығайту үшін әлемдік нарықтың жоғарылап келе жатқан талаптары, тұтынушылық сұраныстың дифференциалануы, инновациялық айналымдардың азаю қажеттілігі және өндіріске ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізу мәселелерімен бетпе-бет кездесуде.

Қазақстанның әлемдегі дамыған елу елдің қатарынан лайықты орын алу үшін, ең алдымен, еліміздегі отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, олардың әлемдік нарықта да бәсекеге түсе алатындай жоғары сапалы өнімдер өндіруіне жағдай жасауға, озық технологияларды енгізуге және қызмет тиімділігін арттыруға мән беруіміз қажет. Яғни, бұл мақсатта отандық кәсіпорындардың мемлекет тарапынан белгілі бір дәрежеде қолдау көрсету бағыттарын әзірлеуді қажет етеді. Ол бағыт еліміздің аймақтары мен салалары бойынша нақты іс-шараларды қамтығаны жөн.

Өнім өндірушілерді мемлекеттік қолдау мемлекетіміздің алға қойған басты мақсаттарының бірі болып саналады. Бұл мәселе мемлекетіміздің басты «Қазақстан-2030» стратегиясында айқындалған: «тек шикізатқа бағдарланған ел болып қалмау үшін біз жеңіл және тамақ өнеркәсібін, инфрақұрылымды, мұнай мен газ өңдеуді, химия мен мұнай химиясын, машина жасаудың жекелеген шағын салаларын, ғылымды қажет ететін түпкілікті өндірістерді, қызмет көрсету саласын, туризмді бұрынғыдан да ілгері дамытуға тиіспіз».

Отандық нарықта ішкі өндірушілердің үлесін арттыру, оларды сыртқы бәсекелестердің теріс пиғылды бәсекеге әрекеттерінен қорғау, әлемдік нарықта өз орнын табуға бағытталған ынталарын жан-жақты қолдау сынды әрекеттер мемлекетіміздің осы сала кәсіпорындарына жасайтын қамқорлығына өзек болуы тиіс. Ол үшін өндірісті мемлекеттік қолдау келесі бағыттар арқылы жүзеге асады:

Еліміздің Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі қарсаңында отандық өнім өндірушілерді заңдық тұрғыдан қорғайтын шаралар дайындау.

Бұл бағытта осы ұйымға мүше болған басқа елдердің тәжірибесін назарға алу керек. Соңғы жылдары осы ұйымға мүше болған мемлекеттер (Латвия, Эстония, Грузия, Литва, Молдова және Қытай). Мұнда экспорттық субсидияларды пайдалану, кейбір импорттық өнім түрлеріне жоғарылатылған баж салықтарын қалдыру, қолдауды қажет ететін салаларға мемлекеттік жеңілдетілген кредиттер беру, тағы басқа да жағдайлар қарастырылған.

Нақты сала кәсіпорындарына, яғни өнімді өңдеу секторына қатысты мемлекеттік инвестициялық саясат ұстану. Қазіргі кезде зейнетақы қорлары, ұлттық қор, даму институттары, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар, мемлекеттік холдингтік компаниялар, сақтандыру қорларының жинақтаған қаржыларын тиімді несиелеу тетіктері арқылы аталған саланы қолдауға болады.

Жалпы өнеркәсіптік саясат шеңберінде экономикалық қолдау шараларын енгізу. Бұл бағыт кәсіпорынның қолайлы дамуы мен өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі талап өнім өндірушілерді экономикалық қолдаудың тетіктерін жетілдіруге бағытталуы тиіс. Салықтық, кедендік, қаржы-кредиттік, ұйымдастырушылық, құқықтық, монополияға қарсы шаралар арқылы өнеркәсіптің өркендеуін қамтамасыз ету мемлекеттік қолдаудың негізі болуы қажет.

Мемлекеттік саясаттың негізгі түйіні өндірістік және ғылыми-техникалық кешендерді жиынтық түрде ішкі және сыртқы факторларды, сауда жүйесіндегі әлемдік талаптардың негізгі қағидаларын сақтай отырып икемді, бәсекеге қабілетті өнімді шығаруға негізделуі тиіс. Осы арқылы мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады.

Мемлекеттік саясаттың тағы бір ерекшелігі өндірісті тікелей қолдау ғана емес, бәсекелі ортаны дұрыс реттеу арқылы өндірушілерді кәсіпорынға соңғы ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізуге, өнімді дайындау технологиясын жетілдіруге, қаржыларды тиімді пайдалануға, өндірісті жүйелі дамыту мен нәтижелі басқаруға, яғни, ең бастысы бәсекеге қабілетті өнім шығаруға ынталандыру арқылы бейнеленуі мүмкін [5].

Сонымен қазіргі кезде экономикалық даму стратегиясына сәйкес кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын арттыруға тікелей әсер етеді.

Болашақта алға қойған мақсаттарымыз бен міндеттерімізді жүзеге асырсақ, еліміздің бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіріп, әлемнің

алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің арасында болатынына кәміл сенемін.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жақсарту мақсатында Қазақстан өзінің макроэкономикалық ортасын жақсарту жұмыстарын жүргізуде. Менеджментті дамыту халықаралық институтының (IMD, Швейцария) биылғы жылдың мамыр айында жарияланған «Әлемдік бәсекеге қабілеттілік бойынша шолу – 2012» рейтингінде Қазақстан 4 орынға көтеріліп отыр.

Әйтсе де, ғаламдық даму үдерімінің қазіргі кезеңінде қолда бар жетістіктерге қанағаттану жеткіліксіз. Тынымсыз ізденіс пен нәтижелі іс-әрекетті арқау еткен әлемдік нарық өндірушілері барынша жаңа нарықтарды игеруге, ондағы тұтынушыларды жаулауға белсене кірісуде. Нарықтың бұл қатал шарты отандық өнім өндірушілердің бәсекелік қауқарын нығайтуды, кәсіпорындардың бәсекелік қыспақтарға төтеп берерлік қабілетін арттыруды, ішкі және сыртқы нарықтарда сұранысы жоғары өнім өндіруге тиімді әсері бар тетіктерді айқындауды қажет етеді. Бұл жағдай Республика Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында айтылғандай: «Экономика біздің дамуымыздың басты басымдығы, ал экономикалық өсімнің барынша жоғары қарқынына қол жеткізу – негізгі міндетіміз болып қала береді. Нан өндірісі саласы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру біртұтас механизм ретінде нарықтық сұраныс пен ұсыныстың жалпы жағдайына, қоғамның дамуына, адамзат мәдениеті мен ой-санасына, қауіпсіздік пен эстетика және экология талаптарына, сонымен қатар, кәсіпорынның мүмкіндігіне сай болуы тиіс.

Бәсекеге қабілеттілік арттыру механизмі – кәсіпорынның нәтижелі жетістікке жету жолында атқаратын іс-әрекеттері арқылы сипатталады. Дұрыс таңдап алынған механизм осы кәсіпорынның нарықтық бәсекелестерімен салыстырғанда ұзақ уақытқа ұтымды жағдай жасауына негіз болады.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру іс-әрекеттерінің жиынтық көрінісі ретінде оларды жүзеге асыратын бірнеше тетіктерге тәуелді. Бұл тетіктер диплом жұмысымда өзіндік сипаттары бойынша төрт топқа бөліп қарастырылады:

- бірінші топ – өнімнің сапасын арттыру шаралары немесе кәсіпорынның сапа жүйесін жетілдіру;
- екінші топ – өнімнің бағасын қалыптастыру немесе кәсіпорынның баға саясатын реттеу;
- үшінші топ – өнімнің тартымдылығын арттыру немесе кәсіпорынның маркетингтік жүйесін жетілдіру;
- төртінші топ – өнімнің бәсекелік қабілетін қамтамасыз ету немесе өндірісті мемлекеттік қолдау.

Әлемдік нарықтың қатаң талаптары мен бәсекелік шарты отандық нан өнімін өндіруші кәсіпорындардың сол талаптар мен шарттарды ұстануын қалайды. Өйтпеген жағдайда әлемдік нарықта осы өнім түрлері бойынша негізгі өндірушілер саналатын АҚШ, Израиль, Голландия, Ресей және Дания сынды мемлекеттер өздерінің бәсекелік ықпалымен еліміздің ішкі нарығын және енуге мүмкін болатын көршілес мемлекеттердің нарықтарын игеріп алуы қиын емес.

Сондықтан да ішкі нарықтағы нан өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі, ең алдымен, олардың сапасына байланысты.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы – Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан, 2006, 2 наурыз.
- 2 Жилқайдарова Г.Б. «Кәсіпорынның нәтижелі жетістігі – бәсеке қабілеттілігі» // ҚазЭУ хабаршысы – 2013. – №5. – 117-121 б.
- 3 Көпешева А. «Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға стратегиялық жоспарлаудың маңыздылығы» // ҚазЭУ хабаршысы – 2012. – №5. – 131-138 б.
- 4 Габдулина А.С. Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату // Евразийское сообщество – 2010. – №1. – С. 48-53.
- 5 www.pm.kz.
- 6 Дауренбекова А.Н. Қазақстан өнеркәсібінің индустриялық деңгейін көтерудің экономикалық механизмі: монография. – Алматы: Экономика, 2005.

References

- 1 Kazakhstannyn alemdegi basekege barynsha kabyletti 50 eldin kataryna kiry strategiyasy – Kazakhstan Respublikasynyn Prezidentinin Kazakhstan xalkyna zholdauy// Egemen Kazakstan,2006,2 nauryz.
- 2 Zhilkaidarova G.B. «Kasiporynnyn natizheli zhetistigi – basekege kabylettiligi»// KazEU xabarshysy 2013. – №5. – 117-121 b.
- 3 Kopesnova A. «Onymnin basekege kabylettiligin arttyryga strategiyalyk zhosparlaudyn manyzdylygy»// KazEU xabarshysy 2012. – №5. – 131-138 b.
- 4 Gabdulina A.S. Kazakhstan ekonomikasynyn basekege kabylettiligin zhogarylaty// Evraziiskoe soobshestvo – 2010. – №1. – 48-53 s.
- 5 www.pm.kz.
- 6 Daurenbekova A.N. Kazakhstan onerkasibinin industriyalyk dengeiin koterudin ekonomikalyk mexanizmi: monografiya. – Almaty: Ekonomika, 2005.